

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті.

Мамандығы : Жалпы медицина

Дисциплина : Жалпы хирургия

Кафедра : Жалпы хирургия

Тақырыбы : **Хирургиялық деонтология**

Орындаған: Рысбекова Айдын
313 А

Тексерген: Жармағамбетов С.Ж.

Медицина-ең ежелгі мамандықтардың бірі. Ол ем қолданып, шипа дарытудың бай тәжірибесін меңгеріп, адам іс әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленеді. Медицинаға да әлеуметтік-саяси құрылысқа байланысты қалыптасатын өзіндік ахлақи және адамгершілік жосындар тән болмақ.

Деонтология (грекше deon – тиісті, logos – ғылым, ілім) ұғымын ғылымға өткен ғасырдың басында ағылшын философы И.Бентам енгізген.

Деонтология – адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылым. Деонтология, этиканың құрамдас бөлігі болып табылады, және бұл ғылымдар тығыз байланысты болғандықтан оларды бөліп қарастыруға болмайды.

Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестермен өзара қарым-қатынастарын қамтиды.

Медициналық деонтологияның ішінде ерекше орын алатын хирургиялық деонтология. Өйткені хирургтің жұмысы қай заманда да көптеген қиындықтар мен стресстік жағдайларға толы болды. Дәрігер хирургтің алдына науқас көп жағдайда өмір мен өлім арасында келеді. Сондықтан оған жиі науқастың туыстарымен бетпе-бет сөйлесуге тура келеді, бұндай жағдайда хирург медициналық этика қағидаларын қатаң сақтау керек.

Demotivator.SU



ВРАЧИ
люди, а не боги

Дәрігерлердің өзара деонтологиялық үйлесімділігі ұжым татулығының негізін құрап, оның кәсіби беделі мен берекесін арттырады. Сондықтан, өзара қарым-қатынастағы деонтологиялық қағидаларды қатаң сақтау әр дәрігердің формальді міндеті емес, рухани қажеттілігіне айналуға тиіс. Төменде кейбір деонтологиялық қағидалар келтірілген:

- Дәрігерлер арасындағы қарым-қатынас терең құрметке, жанашырлық пен өзара түсіністікке негізделуі тиіс.
- Өзінің әріптестері туралы бөгде жұрттың арасында ғибат сөйлеуге, кемшіліктері мен қателіктерін теріп, талқыға салуға болмайды.
- Әр дәрігер өзінің әріптестерінен қамқор-пейілін аямай, олар үшін кез-келген жұмыс түрін атқаруға даяр болуы (заңға қайшы келмейтін), “біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін”, - деген қағиданы ұстануы тиіс.
- Әріптесінің сәтсіздігін түсініп, көңілін жұбатуың керек, әсіресе ол кәсіби сәтсіздікке ұшыраған кезінде қолдау көрсетуің – ұжымдағы ұйымшылдықпен өзара көмек ахуалына негіз болады.
- Егер жұмыс барысында әріптестер арасында диагностика мәселелері бойынша алауыздық туындай қалса, онда айтысушылардың ешқайсысы өз пікіріне ғана табан тіреп, қасарысып қалуы тиіс емес. Мұндай жағдайда олар неғұрлым тәжірибелі, әрі ересек әріптесінің көмегіне жүгінуі тиіс.
- Тәжірибелі дәрігерлерден ақыл-кеңес сұрап келетін жас буын дәрігерлердің ешқашанда бетін қайтаруға, көмектесуден бас тартуға болмайды.
- Стационарлық мекемедегі әріптестер пікіріне құрметпен қараудың этика-деонтологиялық маңызы зор.

Дәрігер мен орта буынды медицина қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасының деонтологиялық аспектісі аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Емдеу жұмыстарын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасау үшін мынадай өзара қарым-қатынас қағидалары белгіленген:

- **Науқастардың алдында медбикенің жоғары адамгершілік және кәсіптік беделін көтермелеу.**
- **Науқастарды аралап көруге және ем шараларын белгілеуге медбикелерді міндетті түрде қатыстыру.**
- **Науқастардың көзінше, бөлімнің ішінде медбикенің жұмысына мін тағып, ұрысып сөйлеуге болмайды, ол үшін кабинет, ординатор бөлмесі бар.**
- **Дәрігер науқастардың алдында, олардың жазылып шығуына медбикенің маңызды рөл атқаратынын әрдайым атап көрсетіп, жақсы жұмыстарын мақтап отыруы тиіс.**



Медицинадағы ядрогения.



Ауру адамды емдеуде сөздің ықпалы күшті екені белгілі. Кейде медицина қызметкерлері науқастың көзінше ятрогения деп аталатын, дәрігердің аңғармай айтқан пікірінен, ағат қылығынан туындайтын кеселге итермелейтін сөзді айтып қалады. Ятрогендіт кеселдердің себептеріне жалпы және медициналық мәдениеттің жетіспеушілігі, асығыстық, науқасқа жағымсыз диагнозды, сырқат болжамын, тексеру нәтижелерін айтып қою жатады, қандай сырқатқа ұшыраған болса да, медицина қызметкері науқастың психикасына жанашырлықпен қарауы тиіс.

Қорытынды:

Емдеу шараларының нәтижелі болуына ауру адам ағзасына үш фактордың: білікті емнің, науқас пен медицина қызметкері арасындағы мүлтіксіз қарым-қатынастың және эстетикалық, психикалық сезімдік тұрғыдан мейілінше жағымды әсер ететін, оңтайлы ортаның кешенді түрде ықпал ету арқылы жетуге болады. Және де бұл факторлар бір мезгілде, бір-бірінен ажырамас ыңғайда, әрі сабақтаса әрекет етуі қажет.



**НАЗАР САЛҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
САУ БОЛЫҢЫЗДАР!!!**

